

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жаңа заман

Жаршысы



Шахматты дамыту мәселелері талқыланды



«ЖЖ» ақпарат

Мемлекет басшысына әлем чемпионы атағы үшін биыл 7 сәуір мен 1 мамыр аралығында Астанада өтетін шахмат жарысына дайырлық барысы туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев отандық шахмат шеберлерінің халықаралық аренадағы жетістіктеріне жоғары баға берді. Оның айтуынша, елімізде әлемнің үздік шахматшыларының қатысуымен жрі жарыстар ұйымдастыру балалар мен жастар арасында аталған спорт түрінің танымалдылығын арттыруға ықпал етеді.

«ЖЖ» ақпарат

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу әлі де жалғасуда.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталғы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталғы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалапаң жарышысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалапаң жарышысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

**СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!**



Батыр атындағы ауылдың бірлігі бекем

Әсіресе елді мекенде Сыр салысын күтіп-баптауда талағай табысқа кенелген «Байтабын» ЖШС мұндай жұмыстардың басы-қасынан табылуды дәстүрге айналдырған. Кешегі сапарымызда быылдың өзінде серіктестіктің ауылда ауқымды жобаларды қолға алғанын, бүгінде олардың халықтың қажетіне жарап тұрғанын байқадық.

Жалпы ісіне, мақсатына қарап, оларды «мынау ауыл әкімі, мынау шаруашылық төрағасы» деп тану қиын. Көсіп өз алдына, шаруашылық басшылары бірінші кезекте ауылдың болашағына бас қатырады, ал қалған шаруа өз деңгейінде жүзеге аса береді. Ауыл әкімінің де ойының осы мақсатқа тірелетіні айтпаса да белгілі.

Болат Ділдебеков «Байтабын» ЖШС-ын басқарады. Серіктестік жұмымыңдай бағытта еңбек етіп жатқанын жоғарыда айттық. Бұған дейінгі сапарымызда Бөкенді шаруашылық бригадирі ретінде білетініміз. Күріштің күтіміне қатысты кез келген идеялар төрағаға таңсық емес. Бір сөзбен айтқанда, жиған тәжірибесімен серіктестік жұмысына серпін беріп отыр.

Естеріңізде болса, осыған дейінгі басқосулардың бірінде ауылдағы ағайын елді мекенде байланыс желісінің тым төмен екенін жергілікті биліктің назарына салған. Аудан басшысы

Асқарбек Есканов ести сала мәселен назарға алып, тиісті сала басшыларына оның шешімі қалай, осы сауалдың жауына жұмыс жасауды тапсырған. Жалпы Болат Ділдібеков сол тұста бұл бағытта жұмыс жасап жатқанын айтқан. Тіпті қажетті биік қондырғының облыс орталығынан қыруар қаражатқа сатып алыпты. Алайда оны орнату да біраз уақыты алады. Қысқасы, «келесі топқадағы кеңесте ел бұл мәселен қайта көтереді» деп түйгенбіз. Бірақ бұл ойлағандың болмады. Оған кешегі сапарымызда күй болды.

Төраға бүгінде биік қондырғыны орнатып қойған. Тіпті «Active» желісінде іске қосылыпты. Енді бұрынғыдай батыр атындағы ауыл халқы біреуге хабарландыру жіберу үшін немесе жақынымен тілдесу мақсатында биікке шығып бас қатырмайды. Бір сөзбен айтқанда, үйінде отырып-ақ еркін тілдеседі.

Жалпы бір жылда серіктестіктің демейушілігімен ауылда жүзеге асқан жобалар легі мұнымен шектелмейді. Балалар жылы қарсаңында ауылда бос жатқан жерді қалыңқа келтіріп, балалар ойын алаңын ашыпты. Қазіргі ауылдың кішкентайларын іздесеңіз, сол жерден табасыз. Енді Бөкен бұл алаңды кеңейтіп, алдағы уақытта нәмересін ойнатуға әкелген ата-әжелерге де

жағдай жасамақ, мұнан бөлек футбол салу да жоспарда жоқ емес.

Естеріңізге болса, 100 млн теңгендегі астам қаражатқа аталған серіктестіктің спорт көшінін салған. Мемлекеттің көкешелік-әріпестік аясында бойы көтеріген зәуліл мынан бүгінде салауатты өмір салтын ұстанған ауыл халқының қажетіне жарап тұр. Сол уақыттан бері саладағы ауыл өрендері халықаралық, әлемдік додаларда топ жарып, аудандық облыс, қалаберді мемлекет мерейін үстем етті. Ал сол балалардың барлығы заманауи спорттық құрал-жабдықтармен жарақаталған зәуліл ғимаратта шыңдалғанын ескерсек, ауыл спорттың дамуына бұл нысанның қандай көмек болғанын аңғар оңай.

Асың. Осы елдің топырағында өсіп,
тынымсымен тіршілік еткеннен кейін
оған қызмет ету – азаматтық борыш.
Сондықтан ауылдың абадануына,
ерісіннің кеңеюіне жұмыс жасай береміз.
Мемлекеттік жекешелік-әріптестік
аясында «Байтабын» спорт көшнін
салдық. Қазір бұл да халықтың қажетіне
жарап тұр. Бағдарлама шартына сай
тісті қаражат кейін ғимаратты салған
кәсіпорын иесіне қайтуы тиіс болатын.
Өкініштісі, бүгінде ол бағдарлама
тоқтап қалыпты. Жаңа нысанды
салуға жұмсалған тісті қаражат бізге
қайтқан жағдайда оны да осы елде
мекеннің дамуына жұмсаймыз. Тұған
жердің түлеуіне алдағы уақытта да күш
саламыз, қолдаймыз, – дейді төраға
Б.Ділдебеков.

Ауылдағы ағайынның ауызбіршілігі осындай, қолына сәл қаражат тисе, туған жерді түлетуде қарап қалмайды. Елді мекеннің өрісін кеңейтуде бірлікті түетеді, осы мақсатта жұмыла еңбек етеді. Бастысы, нәтижесі анық байқалып тұр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Екі мыңнан астам өтінім мақұлданды

шығарылуы тиіс. Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден әкелінген автомобиль кедендік тазартудан өтуі керек.

Қызылорда қаласының тұрғыны Қайырбек Бакдәулет те бірінші болып, шетелден жеткізілген көлігін заңдастырды. Яғни ол Грузиядан әкелген автокөлігін тіркеп, полиция қызметкерлеріне алғысын білдірді.

– Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында автокөлігімді заңдасырып рәсімдедім. Бұл маған әлдеқайда оңай болып, алысқа бармай, қаламызда тіркеп, тиісті құжаттарды алып отырымын. Полиция қызметкерлеріне және Халыққа қызмет көрсету орталығының мамандарына рахмет, – деді ол.

Полиция департаменті Қазақстан азаматтары сырттан әкелген шетелдік есептегі жеңіл автокөліктер, шағын орта

сыйымдылықтағы автобустар, шағын жүк көліктер, басқаруы оң жақтағы автокөліктер заңдастыруға жататынын айтады. Оны заңдастыру үшін алдымен жоғарыда айтқанымыздай, автокөлік Қазақстанға өткен жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген болуы керек. Өтінім беру 1 шілдеге дейін жалғасады.

Автокөлікті заңдастыру үшін алдымен өтінім, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат, көлік құралының паспорты немесе тіркеу туралы куәлігі қажет. Сондай-ақ көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат та қажет. Нәтижесі арнайы базаға тіркеледі және көлік иесінің телефонына 1414 нөмірінен SMS жіберіледі.

Онда қабылданған шешім нақты жазылады. Зандастыруға рұқсат етілсе, мемлекеттік алымдар төлеу қажет. Алғашқы тіркеу үшін 200 000 теңге.

техпаспорт үшін мемлекеттік БAJ 4 313 теңге, мемлекеттік нөмір үшін 9 660 теңге төленуі тиіс. Одан соң көлік иесі шетелдік техпаспорт, меншік құқығын растайтын құжатты ХҚКО мамандарына тапсырады. Тіркеу бекітілгеннен кейін автокөлік иесіне ҚР тіркеу құжаты, мемлекеттік нөмір беріледі.

Иә, қазір Қазақстанда мемлекеттік тіркелген өтпеген шетелдік көліктер жетіп артылады. «Бір шілдеге дейін уақыт бар», деген түсінікпен арылып, мүмкіндік болса, темір тұлпарыңды заңдастырып алған абзал. Өзірге өткен жылдың қыркүйек айына дейін елге шетелден жеткізілген көліктер ғана заңдастырылуда. Ал одан кейін келген көлік иелеріне қайтпек керек? Ол жағы өзiгe беймәлiм.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңадария ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Ақпанбетов Рауан Сауранбекұлының 2023-2027 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өмірбаяны

Мен Ақпанбетов Рауан Сауранбекұлы 1983 жылы 11 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңадария ауылында дүниеге келдім.

1989-2000 жылдары аралығында Жаңадария ауылындағы №203 орта мектепте 11 жылдық білім алдым.

2000 жылы Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетіне түсіп, 2004 жылы «Қаржы және несие» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

2005-2006 жылдары аралығында Алматы облысы Алақөл ауданы Үшарал қаласында орналасқан 2484 әскери бөлімінде Отан алдындағы азаматтық борышымды өтеп келдім.

2007-2010 жылдары аралығында Жаңадария ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман қызметін атқардым.

2010-2012 жылдары Қызылорда қаласындағы «Темирбанк» АҚ-да операциялық бөлімнің маманы болдым.

2012-2018 жылдары аралығында Жаңадария ауылдық округі әкімі қызметін атқардым.

2018 жылдың қазан айынан осы уақытқа дейін Қызылорда қаласында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында» операциялық бөлімнің маманы болып жұмыс атқарып келемін.

Отбасылы, 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

Жаңадария ауылына үміткер болып

тіркелу мен үшін үлкен құрмет. Себебі ауданымыздың және соның ішінде өзімнің туып өскен Жаңадария ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына зор үлес қосу мүмкіндігі туып отыр. Егер мен Жаңадария ауылдық округі әкімі қызметіне сайлансам, төмендегі мәселелерді шешу үшін өз күш-жігерім мен білімімді жұмсаймын.

1. Президентіміздің, облыс әкімінің саясатын жүзеге асыра отырып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге баса назар аударып, әрбір жанұяның мұң-мұқтажы мен ұсыныстарына әр уақытта мұқият көңіл бөліп, пікірімен санасып, олардың өтініш-терінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал ететмін.

2. Ауылда балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына, сонымен қатар мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалардың орындалуына баса назар аударамын.

3. Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға ықпал ететмін.

4. Мемлекеттік “Жасыл ел” бағдарламасы аясында ауылдық округті көркейту-көгалдандыру жұмыстарын қолға аламын.

5. Ауылда учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және



көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуың, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

6. Ауылдық округтегі ауыл шаруашылық саласын өркендету мақсатында пайыздық үстемақысы төмен несиелік бағдарламалар қарастыруға, ауылымыздан түлеп ұшқан беделді азаматтармен акциялар өткізе отырып, мәдени, спорттық іс-шараларға демеушілік жасауға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасауға тікелей ықпал ететмін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңадария ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Тоқсанбаев Бексұлтан Райбекұлының 2023-2027 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өмірбаяны

Мен Тоқсанбаев Бексұлтан Райбекұлы 1992 жылдың 24 маусымында Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Еңбек ауылында дүниеге келдім.

1998 жылы Еңбек ауылындағы М.Байділдаев атындағы №232 орта мектеп табалдырығын аттап, 2009 жылы аталған мектептен 11 сынып бітіріп шықтым.

2009 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне «Экономика, бизнес және құқық» факультетіне оқуға түстім.

2010-2011 жылдары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы №68303 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышымды өтедім.

2014 жылы «Экономика және бизнес» бакалавры «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алдым.

2012 жылдың маусым айынан бастап 2013 жылдың қыркүйек айына дейін «Група Секурикор Қазақстан» ЖШС-да күзетші болып жұмыс жасадым.

2014 жылдың ақпан айынан бастап 2015 жылдың қаңтар айына дейін Қызылорда қаласындағы «Мега-Макс» ЖШС-да мастер болып қызмет атқардым.

2015 жылдың наурыз айынан бастап 2015 жылдың шілде айына дейін Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының іс-жүргізуші маманы болып қызмет атқардым.

2015 жылдың шілде айынан бастап осы уақытқа дейін Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы және округ бойынша жастар ісі жөніндегі маманы болып қызмет атқарып келемін.

2015 жылдан бастап Еңбек ауылдық округі бойынша мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуына үлес қосып келемін.

Елімізде, аймағымызда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың жастар арасында жоғары деңгейде жүргізілуіне сүбелі үлес қосып, жасаған ерөн еңбегім үшін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының, түрлі қоғамдық қор, қоғамдық бірлестіктердің сертификаттарымен, аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталдым.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

1. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмыссыздықты азайту үшін кәсіпкерлік нысандарының ашылуына жұмыс жасау;

2. Ауылдың экономикалық жағдайын тұрақтандыру мен көтеру бағытында тиісті шаралар қабылдау;

3. Ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында тиісті



жұмыстарды жүргізу;

4. Ауылда клуб құрылысын салу жөнінде тиісті жұмыстарды жүргізу;

5. Елді мекенде абаттандыру, санитарлық тазалық және жарықтандыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру;

6. Шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы салық базасын ұлғайту;

7. Ауылдық округте автомобиль жолдарының салынуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету;

8. Елді мекен орталығындағы тозығы жеткен электр бағаналарын ауыстыру міндетім деп білемін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңадария ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Нурмаханов Ербол Жахатовичтың 2023-2027 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өмірбаяны

Мен Нурмаханов Ербол Жахатович 1979 жылы 5 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Білімім жоғары.

1999 жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін экономика және менеджмент мамандығы бойынша бітіріп, экономист біліктілігін алдым.

Еңбек жолымды 2000 жылы 17 қаңтарда «ҚазАгроПромбанк» ААҚ-ның Жалағаш аудандық филиалында кассир-информатик болып бастадым.

21.05.2001-18.05.2002 жылдары Қапшағай қаласындағы №64192 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышымды өтедім.

01.06.2002-30.06.2003 жылдары «Наурыз Банк Қазақстан» ААҚ-ның Жалағаш аудандық филиалында жетекші маман болдым.

21.07.2003-31.03.2004 жылдары Байқоңыр қаласындағы ДГҮП-4512 мекемесінде жетекші бухгалтер болдым.

19.04.2004-15.05.2007 жылдары Байқоңыр қалалық Түберкүлпөзге қарсы диспансерде бухгалтер болып еңбек еттім.

03.01.2008-25.11.2008 жылдары Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман болдым.

16.09.2013-15.09.2017 жылдары «ҚазМұнайГаз Security» ЖШС-да жұмылдырылған топтың жетекшісі болып қызмет еттім.

2018 жылдан осы күнге дейін Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппаратында жетекші маман қызметін атқарып келемін.

Жолдасым Алмағанбетова Алмагуль Жұматаевна 1978 жылы 28 ақпанда Саратов облысы, Перелюб ауданы, Первомайский совхозында дүниеге келген. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында тұрады. ҚР азаматы. Ұлым Жахат Шоқан Ерболұлы 2004 жылы 14 маусымда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келген. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында тұрады. ҚР азаматы.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келген. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында тұрады. ҚР азаматы.

Ұлым Жахат Кеменгер Ерболұлы 2016 жылы 27 қаңтар күні Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келген. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында тұрады. ҚР азаматы.

Мен және менің жақын туыстарым қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Ауылдық округке коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын және автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етіп, елді мекен

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын **2023 жылы 7 ақпанда сағат 10.00-де** мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі № 4 үйі («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібінде :

- Серіктестіктің 2023 жылға бюджеті мен штат кестесін бекіту туралы.
- Серіктестіктің ғимаратына күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізу туралы.
- Қажеттілікке байланысты серіктестік баланысына негізгі қорға ортехникалар алу туралы.
- Серіктестіктің құрылтай шарты мен жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
- Серіктестіктің қатысушыларының жарғылық салымы өзгеруіне байланысты несие лимитін бөлу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 5 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатынын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алғып өткізілетінін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062

Бақұл бол, ардагер аға!

2023 жылдың 21 қаңтар күні «Жалағашсушар» өндірістік учаскесінің ардагері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Ишанбеков Берікбай дүниеден озды.


Ишанбеков Берікбай 1938 жылы дүниеге келді. 1953 жылы Қазалы қаласындағы №17 орта мектепте білім алды. 1962 жылы Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығын иригациялау, механикаландыру институтын «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша бітірді.

Атпал азамат еңбек жолын 1962 жылы Жалағаш ауданы су жүйелер басқармасында бөлім басшысы болып бастап, 1975 жылға дейін бас инженер, 1975-1990 жылдары «ҚызылордаРемводстрой» трестіне қарасты №9 жылжымалы мехколоннаның басшысы, өндірістік бөлім бастығы, 1990-1994 жылдары Қызылорда «Лаврисовоохострой» тіресіне қарасты №17 жылжымалы мехколоннаның бастығы қызметтерін абйоримен атқарды. 1994 жылы зейнет демалысына шықты.

Ишанбеков Берікбай тәжірибесі мол, іскер басшы ретінде ауданда су шаруашылығы саласын дамыту, оны жетілдіру бағытында жемісті еңбек етті. Саналы ғұмырын ауданның су шаруашылығы және құрылыс саласына жұмсаған ол ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлес қосты. Жоғары орындардың «Құрмет» грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Жалағаш ауданының Құрметті азаматы. Үлкенге қадірлі іні, кішіге қамқор болған ауялы ағамыз әріптестерінің арасында шоқтығы биік азамат ретінде жастарға үлгі-өнеге болды. Оның жарқын бейнесі халықтың есінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Жалағаш ауданы әкімдігі, аудандық мәслихаты және ардагерлер кеңесі еңбек ардагері Ишанбеков Берікбайдың дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына, бауырларына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

А.Есжанов, Г.Құрманбаева, А.Нұрмағанбетов, Қ.Жаппасбаев, М.Жамалатов, С.Алиев, Қ.Құлмахан, К.Сүлейменов.



Ардагер ақсақал өмірден озды

2023 жылдың 22 қаңтары күні аймағымызға белгілі еңбек ардагері Шарипов Мовлади Абуумслимұлы дүниеден озды.

Шарипов Мовлади Абуумслимұлы 1933 жылы 1 қаңтарда Шешен-Ингуш АССР Итумкали ауданы Итумкали ауылында дүниеге келді. 1944 жылы ақпан айында ата-анасымен бірге Қазақстанға жер аударылды.

Тағдырдың жазуымен Шарипов Мовлади әулеті Жалағаш ауданы бұрынғы Карл Маркс колхозына келді. Жасынан еңбекке араласқан ол ауыл шаруашылығы саласында түрлі қызметтер атқарып, бірқатар үкіметтік марапаттарға ие болды. Жоғары орындардың «Құрмет» грамоталарымен, алғыс хаттарымен, «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы «Тылдағы ерөн еңбегі үшін» медалмен марапатталды.

Атпал азамат 1952 жылы Исмайлова Базимен отбасын құрып, 6 бала тәрбиелеп өсірді. 1990 жылы зейнет демалысына шықты. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген тыл ардагерінің өнегелі өмірі ескелен ұрпаққа үлгі.

Кішіге қамқор, үлкенге ізетті іні болған Шарипов Мовлади Абуумслимұлы тоқсан жасқа келіп, мағыналы ғұмыр кешті. Тау ұлы қазақ халқымен бірге туған бауырдай қатысып, халықтар достығының жарқын үлгісін көрсетіп, елдің ыстық ықыласына бөленді. Оның жарқын бейнесі оны білетіндердің жүрегінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Жалағаш ауданы әкімдігі, аудандық мәслихаты және ардагерлер кеңесі аймағымызға белгілі еңбек ардагері Шарипов Мовлади Абуумслимұлының дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына, бауырларына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

А.Есжанов, Г.Құрманбаева, А.Нұрмағанбетов, Қ.Жаппасбаев, С.Байділдаев, С.Алиев, Қ.Құлмахан, К.Сүлейменов



Жаңадарияда жарқын жобалар жүзеге асады

Жаңадария – аудан орталығынан шалғай демесеңіз, ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы елді мекен. Өзім осы ауылдың перзенті болғандықтан ауылдың абаттануына, елді мекен халқының әлеуетінің артуына, экономикасының нығаюына жұмыс жасауды азаматтық міндетім деп білемін. Алдағы сайлауда үміткер ретінде бақ сынап отырғаным да сондықтан.

Туған жерінің түлеуіне жұмыс жасау көз келген азаматтың міндеті деп білемін. Жаңадарияның бүгінгі тыныс-тіршілігі маған таңсық емес. Ауылдың алдағы 4 жылдық даму жоспарына елді мекеннің екінші тынысын ашатындай жарқын жобаларды арқау еттім. Мұның бәрі менің сайлауалды бағдарламамда толық қамтылған.

Сөз басында айтқанымдай, Жаңадария ауылы өкіміне үміткер болып тіркелу – мен үшін үлкен құрмет. Себебі маған ауданымыздың және соның ішінде өзімнің туып өскен Жаңадария ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына зор үлес қосу мүмкіндігі туып отыр. Егер мен Жаңадария ауылдық округі әкімі қызметіне сайлансам, ауылдың дамуына қандай үлес қоса аламын? Менің үміткер болып тіркелудегі де басты мақсатым, осы сауалдың жауабына жұмыс жасау болып табылады. Бұл мақсат-міндетімді жүзеге асыруға қарым-қабілетім, күш-жігерім жетеді деп ойлаймын.

Ең алдымен Президентіміздің, облыс әкімінің саясатын жүзеге асыра отырып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге баса назар аударып, әрбір жанұяның мұң-мұқтажы мен талап-тілегіне мұқият көңіл бөліп, пікірімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне жұмыс жасау керек деп білемін. Себебі ауыл өкімі болуды мақсат еткен адамның да басты жұмысы осы деп білемін.

Ауылда балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына, сонымен

қатар мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалардың орындалуына баса назар аудару қажет. Кәзір кәсіпкерлік саласын қолдауға арналған түрлі мемлекеттік бағдарламалар бар. Ал оны Жаңадария халқының бірі білсе, бірі біле бермейді. Сондықтан оны халық арасында кеңінен түсіндіріп, елдің кәсіппен айналысуына жағдай жасау қажет.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға күш салу керек. Мұның бәрі менің 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда толық қамтылған.

Ең әуелі мемлекеттік “Жасыл ел” бағдарламасы аясында ауылдық округті көркейту-көгалдандыру жұмыстарын қолға аламын. Ауылда учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуың, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастыру керек. Себебі тазалыққа тастай талап қажет екенін жақсы білеміз. Қоршаған ортаның, оның ішінде туған жерінің таза болғаны кімге болса да тиімді, өрине.

Ауылдық округтегі ауыл шаруашылық



саласын өркендету мақсатында пайыздық үстемақысы төмен несиелік бағдарламалар қарастыруға, ауылымыздан түлеп ұшқан беделді азаматтармен акциялар өткізе отырып, мәдени, спорттық іс-шараларға демеушілік жасауға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасауға себепші болсам деймін. Ауыл дамыса, өрісі кеңейеді, кәсіпкерлік саласында серпін болса, елді мекеннің өңесі тіктеледі, әлеуметтің әлеуеті артады. Сондықтан осы мақсатқа жұмыс жасай отырып, туған жеріміңң екінші тынысын ашуға жұмыс жасаймын.

Рауан АҚПАНБЕТОВ, Жаңадария ауылдық округі әкіміне үміткер Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Шалғай ауылдың шаруасы ширайды

Мен тұтас Жалағаш ауданын туған жерім деп есептеймін. Сондықтан оған қарасты қай елді мекен болсын өсіп-өркендесе және сол жолда қажырлы еңбек етіп тер төксем, туған жерге өтеген перзенттік парызым деп білемін. Қазір ауданға қарасты қай елді мекенді алып қарасаңыз да барлығының екінші тынысы ашылғандай көрінеді. Ауылдық елді мекендерді дамытуға қай кезде де қолдау бар, бастысы, осы жолда табанды еңбек ету керек.

Жасыратыны жоқ, Жаңадария аудан орталығынан шалғай жатыр. Бірақ осыған қарап, елді мекенді дамыту қиын дейтіндер қателеседі. Рас ауыл аудан орталығынан шалғай жатыр. Бірақ ауыл халқы мемлекеттік қолдаудың ешқайсысынан шет қалып жатқан жоқ. Бастысы, ауылдың екінші тынысын ашамын деген адамға ынта мен ізденіс, табандылық пен жауапкершілік қажет. Дәл осы қасиеттер бойында болғандықтан алдағы сайлауға үміткер ретінде қатысып отырмын.

Шалғай ауылдарда да кәсіпкерлік саласын дамытып және сол арқылы елді мекеннің екінші тынысын ашып, әлеуметтік әлеуетін арттыруға мүмкіндік мол. Ол үшін бірінші кезекте кәсіпкерлік саласын қолдауға арналған қандай бағдарламалар бар, осыны ел арасында көңінен түсіндіру керек. Жаңадария — әсіресе мал шаруашылығын дамытуға қолайлы елді мекен. Қазір мал шаруашылығы саласында да еңбек

өтемің деген азаматтарды мемлекет қолдайды. Осыған дейін оларға қайтарымсыз грант та берілді, пайыздық үстемақысы төмен несие де үлестірілді.

Неге осындай мүмкіндікті жаңадариялықтардың тиімді пайдалануына жағдай жасамасқа? Міне, мен көшегі сайлауалды бағдарламаларда «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмыссыздықты азайту үшін кәсіпкерлік нысандарының ашылуына жұмыс жасауды басты мақсат еткенім де сондықтан. Ауылдың әлеуетін арттырып, өрісін кеңейтемің десек, ең алдымен осы саланың дамуына күш салу керек деп есептеймін. Қазір халықтың жалқау деуге болмайды, ел еңбекқор. Тек оларды сүйемелдейтін, бағыт-бағдар беріп, жол көрсететін адам керек. Арғы жағын өздері ширатады деп ойлаймын.

Ауылдың экономикалық жағдайын тұрақтандыру мен көтеру бағытында тиісті шаралар қабылдау қажет.

Бастысы, бұл мақсаттағы жобалардың барлығы елді мекеннің дамуына сеп болуы қажет. Сонда ғана мақсатты жұмыстың нәтижесін халық та, біз де көреміз.

Ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында әлі де тиісті жұмыстарды жүргізу керек. Осыған дейін ауылдың ауыз су жүйесі жаңғыртылған. Бұл бағытта басқа да жобалар ұсынып, алдағы уақытта да халықтың сапалы ауыз су тұтынуына жағдай жасау керек.

Иә, Жаңадарияда мәдениет үйі жоқ. Бірақ бұл елді мекен халқы өнерден кенде қалған дегенді білдірмейді. Жаңадарияда да өнерпаздар, күміс көмей әнші мен мың бұралған бишілер, басқа да өнердің салаларында өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүрген азаматтар жоқ емес. Сондықтан мен алдағы уақытта елді мекенде ауылдық клуб құрылысын салу қажет деп есептеймін.

Елді мекенде абаттандыру, санитарлық-тазалық және жарықтандыру жұмыстарын да назардан тыс қалдырмаған абзал. Ал шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы салық базасын ұлғайту күн тәртібінен түспейуі керек деп есептеймін.

Ауылдық округте автомобиль жолдарының салынуың, жөнделуін және



Бексұлтан ТОКСАНБАЕВ,
Жаңадария ауылдық округі
әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры
қаражатының есебінен төленді

күтіп ұстауын қамтамасыз ету де назарда болады. Қазірдің өзінде ауылда жол құрылысы қарқын алды. Алайда бұл Жаңадарияда жол саласына қатысты мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де жандандыру керек.

Елді мекеннің екінші тынысы ашылады

Мемлекеттік қызмет халықтың қажетіне жұмыс жасауға берілген мүмкіндік деп білемін. Ал ауыл әкімі болу тұтас бір елді мекеннің екінші тынысын ашуға, ауыл халқының тұрмыстық саласын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмыс жасауға берілген мүмкіндік екені айтпаса да белгілі.

Мен Жаңадария ауылдық округі әкімі болуға талаптанғанда біріншіден ауылдың қажетіне жарайтын жарқын жобаларды жүзеге асырамын деп шештім. Оған қарым-қабілетім жетеді. Мемлекеттен қолдау да жоқ емес. Бір ғана міндет бар, ол — осы мақсаттағы жұмысты үйлестіру.

Иә, ауыл аудан орталығынан шалғай жатыр. Бастысы, бұл елді мекенде кәсіпкерлікті дамыту қажет. Әсіресе Жаңадария ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға қолайлы, жайылымдық жері де мол. Аяқ судан да айтарлықтай мәселе жоқ.

Ауылдық округте коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын және автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөндеуін және күтіп ұстауын қамтамасыз етіп, елді мекен көшелеріне кезек-кезектен асфальт төселуіне және көше жарығын орнатуға жұмыс жасау керек деп есептеймін. Соңғы екі жылда ауылда жол құрылысы қарқын алды. Енді осы бағыттағы жұмыстар толастамайды

тиіс. Себебі Жаңадарияда әлі де жол құрылысын қажет ететін ішкі көшелер бар.

Елді мекендегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға ықпал етемің.

Жұмыссыз адамдардың қайткенде екі қолына бір күрек табылады? Бұл сауалдың түйінін тарқатуға кіріскен адам алдымен кәсіпкерлік саласын айналып өтпесі анық. Себебі жұмыссыздықты түсуде және халықтың тұрмыс сапасын арттыруда да бұл сала өз маңызын жоғалтпайды. Ал кәсіпкерліктің қанат жаюы үшін қайтпек керек? Біріншіден, қазір мемлекет іс бастаймың, өз кәсібімді өрістетемін деген жандарға бар жағдайды жасап отыр. Бұл бағытта азаматтарды қолдайтын түрлі

мемлекеттік бағдарламалар бар. Ал оны ауыл халқы да тиімді пайдалана алады. Тек насихат жұмыстары керек.

Елді мекенді көркейту, көгалдандыру, абаттандыру, көшелерге жол жүргізу, тротуарлар салуға қаржының жеткілікті бөлінуіне жұмыс жасаймын. Себебі тазалық, жалпы қоршаған ортаның, ауылдың тазалығы берінен маңызды. Сондықтан елді мекеннің тазалық жұмыстары күн тәртібінен түспейуі керек деп есептеймін.

Ауылда учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және жергілікті қоғамдастық жиынымен бірлесе отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастыру керек. Ал балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жұмыс жасау да назардан тыс қалмайды.

Ауылдық округтегі балалардың мектепке толық тартылуын қамтамасыз етуге, тұрмысы төмен отбасы балаларына мемлекет тарапынан қамқорлық жасауды қадағалаймын, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш саламын.



Ербол НУРМАХАНОВ,
Жаңадария ауылдық
округі әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры
қаражатының есебінен төленді

Бір сөзбен айтқанда, ауыл әкіміне үміткер ретінде алдыма осындай мақсат-міндеттер қойып отырмын. Әріне бірінші кезекте оны жүзеге асыруға елдің қолдауы, ауызбіршілігі керек деп ойлаймын.

Зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерінің мөлшері артты

«2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес, 2023 жылы 1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіш 3 450, ең төменгі зейнетақы көлемі 53 076 және ең төменгі күнкөріс деңгейі 40 567, базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 24 341 теңге мөлшерінде белгіленді. Сонымен қатар еңбек сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2023 жылы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 10,5 пайызға артты.



Бұдан басқа жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 2023 жылы 1 қаңтардан бастап 46 АЕК-ден 55 АЕК-ға, яғни 189 750 теңгеге дейін артты. Осыған байланысты жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу екі нұсқамен қаралды.

Бірінші нұсқа жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін есепке алынатын ең жоғары табыстың ұлғаюына байланысты, 2023 жылы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнеткерлерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу кезінде олардың орташа айлық табысы 46 еселенген АЕК-мен шектелген болса, олардың зейнетақысы 55 АЕК-мен қайта есептелді.

Екінші нұсқа 2023 жылға дейін тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдерін 10,5 пайызға индекстелді. Бұл ретте 55 АЕК шегінде табыс негізінде есептелген жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері, 10,5 пайызға ескен сомадан төмен болмауы керек. Сонымен қатар ҚР Президентінің 01.09.2022 жылғы Жолдауында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасын 61 жас деңгейінде жоспарланған ұлғайтуға 5 жылға тоқтату және 2023 жылы 1 қаңтардан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 пайыздан 70 пайызға дейін, ең жоғарысын тиісінше 100 пайыздан 120 пайызға дейін кезек-кезеңімен жеткізу туралы жаңа шаралар топтамасы ұсынылған болатын.

Осыған сәйкес 2023 жылы 1 қаңтардан

бастап әйелдердің зейнетке шығу жасы 2023 жылдан 2028 жылға дейін 61 жас болып бекітілді. Ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 4-бабына сәйкес, ЕТҚД-ның жаңа мөлшеріне пайызбен белгіленеді.

Осылайша 2023 жылдан бастап зейнетақы жүйесіне 10 және одан аз жыл қатысқан немесе еңбек етіліп болмаған жағдайда ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы (54 пайыздың орнына) мөлшерінде, оның мөлшерін он жылдан асқаннан кейін әрбір толық жылға 2 пайызға, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен 100 пайыздан асырмай ұлғайтылды.

Бұл 2023 жылы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тағайындалған және жаңадан тағайындалған зейнеткерлерге де қатысты. Облыс бойынша жасына байланысты зейнетақы алушылардың саны 78 923, базалық зейнетақы алушылардың саны 75 504-ті құрайды.

Мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы, 1 топтағы мүгедектің бар адамдарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың төлемдері ЕТҚД (40567 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды. №1, 2 Тізім бойынша (Ерекше ауыр және зиянды жұмыс істеген адамдар үшін) мемлекеттік

арнайы жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларының мөлшері АЕК (3450) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды.

Балалар жәрдемақы мөлшері де арттырылды. Бала туған кезде отбасына баланың кезегіне байланысты төленетін жәрдемақының екі түрінің мөлшері де өсті. Атап айтқанда, бірінші, екінші және үшінші бала туылғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері (38 АЕК) 01.04.22 жылы 120 840 теңгеден құраса, 2023 жылдан бастап 131 100 теңгеге құрайды немесе 10 260 теңгеге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда (63-АЕК) 200 340 теңгеден 217 350 теңгеге немесе 17010 теңгеге артты.

Бала бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері тууы кезектілігіне байланысты 2023 жылдан бастап бірінші балаға 19 872 теңге, екінші балаға 23 495 теңге, үшінші балаға 27083 теңге, төртінші және одан да көп бала туылғанда 30 705 теңгеге құрайды. Сонымен қатар 2023 жылдан бастап бала күтіміне байланысты жәрдемақы мен МӘСҚ төленетін әлеуметтік төлемдердің төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзартылды. Аталған норма жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін ата-аналарға да қолданылады.

Мысалы 30.04.2022 жылы туған баланың жәрдемақы төлемі 30.04.2023 жыл аралығына тағайындалған болса, 2023 жылы 1 қаңтар төлемінің мерзімін 30.04.2022 жылдан 30.10.2023 жылға дейін ұзартылды. Бұл ретте МӘСҚ-дан төлем алушы жұмысқа ерте шыққан жағдайда оның мөлшері мемлекеттік жәрдемақы деңгейінде сақталады. Сондай-

ақ 2023 жылы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджеттік субсидия алушылар болып табылатын тұлғаларға жоғарыда көрсетілген субсидия тағайындалған кезең бала бір жарым жасқа толғанға дейін мемлекеттік органдардың және ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне сай ұзартылды.

2023 жылдан бастап АЕК (3450) мөлшерінің ұлғаюына байланысты «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, «Ана даңқы» орденімен марапатталған көпбалалы аналарға және бірге тұратын төрт және одан да көп көмектестік толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға, оның ішінде көмектесті жасына толған соң орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқитын білім беру ұйымдарын бітіргенге дейін балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері де арттырылды. Облыс бойынша 246,4 мыңнан аса зейнетақы және жәрдемақы алушылардың (оның ішінде жасына байланысты зейнетақы алушылар саны 78,9 мың адам) төлемдерінің мөлшерін 2023 жылдан бастап қайта есептеу жұмыстары автоматты түрде жүргізілді. Быылдан бастап төлем алушыларға көбейтілген мөлшердегі төлемдері төленуде.

Еңбек және әлеуметтік қорғау
комитетінің Қызылорда облысы
бойынша департаменті



Қоғам дертіне қарсы күрес толастамайды

Сыбайлас жемқорлықпен күресуді әрбір адам өзінің азаматтық міндеті деп түсінуі тиіс. Сонда ғана елімізде қоғам дертінің орын алуына жол берілмейді. Қазақстан да егемен ел болғалы онымен күресті басты саясатына айналдырды. Бұл бағыттағы жұмыстардың жемісі де жоқ емес. Бірақ онымен күрес әлі де толастамайты

Қазір ресми ақпарат көздерінен әлі де елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес шаралары жүріп жатқанын байқаймыз. Олай болуы да заңдылық. Ал жоғарыда айтқандай, қоғам дертімен күресті азаматтық міндет деп білетін адам бұл бағытта нәндер шараларды жүзеге асырады? Алдымен осы сауалдың түйінін тарқатайық.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлықпен күресті әрбір адам өзінен бастауы керек. Кез келген қоғам өкілінде осындай түсінік қалыптасса, елімізде сыбайлас жемқорлық өздігінен жойылары анық. Сондықтан онымен күресті тек құзырлы орган өкілдері жүзеге асыруға міндетті деген түсініктен арылуымыз керек.

Қазір ауданның өзінде мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, басқосулар өтіп жатады. Онда қоғам дертінің салдары, жалпы елімізге зияны жақында ақпараттар айтылады. Мұндай шараларға селқос қарамауымыз керек. Себебі сыбайлас жемқорлық мәселесі басты тақырып болған шаралардың бәрі де маңызды.

Дастан БАХТИЯРОВ,
аудандық қазынашылық
басқармасы басшысының орынбасары

Бақұл бол, ардақты ардагер

2023 жылдың 21 қаңтар күні «Жалағашсушар» өндірістік учаскесінің ардагері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Ишанбеков Берікбай Дүниемен озыды.

Ишанбеков Берікбай 1938 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1953 жылы Қазалы қаласындағы №17 орта мектепте білім алып, 1962 жылы Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығын ирригациялау, механикаландыру институтын «Инженер-гидротехник» мамандығы бойынша бітірген.

Құрметті ардагеріміз еңбек жолын 1962 жылы Жалағаш ауданы су жүйелер басқармасында бөлім басшысы болып бастап, 1975 жылға дейін бас инженер, 1975-1990 жылдары «ҚызылордаРемводстрой» трестіне қарасты №9 жылжымалы мехколоннаның басшысы, өндірістік бөлім басшысы, 1990-1994 жылдары Қызылорда «Гидрострой» трестіне қарасты №17 жылжымалы мехколоннаның бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Аталп азамат 1994 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Ишанбеков Берікбай тәжірибелі, іскер басшы болды, ауданда су шаруашылығы саласын дамыту бағытында жемісті еңбек етті. Саналы ғұмырын ауданның су шаруашылығы және құрылыс саласына арнаған ардагер ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына да сүбелі үлес қосты.

Ол қажырлы еңбегінің арқасында «Құрмет» грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталды, үлкенге ізет, кішіге қамқор болған құрметті ардагеріміз әріптестерінің арасында шоқтығы биік азамат ретінде жастарға үлгі болды. Оның жарқын бейнесі халық жадында ұзақ уақыт сақталары сөзсіз.

«Жалағашсушар» өндірістік учаскесі ұжымы құрметті ардагеріміз Ишанбеков Берікбайдың дүниеден озуына байланысты маркумның отбасы мен ағайын-туыстарына, бауырларына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Жалағашсушар» өндірістік
учаскесі ұжымы

Сұхбат

Өзіміздің өмір сүріп отырған ортамызды таза ұстап, табиғатын қорғау – баршамызға міндет. Кент тазалығы және оның көркеюі тұрғындарға тікелей байланысты. Кент ішінде атқарылған да, алда атқарылатын да жұмыстар көп. Әрине көрген көздің көңілін көншітпейтін кемшіліктер де жетерлік. Осы жөнінде Жалағаш кентінің әкімі Мардан Жамалатовпен сұхбаттастық.



Кенттің көркеюіне баршамыз жауаптымыз

– Қай кезде де тұрғындар тарапынан кент ішінің тазалығына көп сын айтылады. Бұл мәселені түбегейлі шешуге не кедергі?

– Әрине тұрғындардың сыны орынды. Қоғамдық тазалыққа талап болуы керек. Алайда қоғамдық тазалық – баршамызға ортақ. Бұл әрі-беріден соң адамның ішкі мәдениетіне де байланысты. Олай дейтініміз, көбінде балаларды айтпағанда, ересектер көшеде, қоғамдық орындарда тазалық сақтауды қаперден шығарып аламыз. Біз көше бойына жаяу жүргіншілер үшін қоқыс жәшігін орнаттық. Сонымен бірге бірнеше көшеге қоқыс контейнерін қойдық. Айта кетуіміз керек, ол контейнерлер жеке тұрғын үйлерге арналмаған. Қоғамдық жұмыс негізінде көше тазалығына тартылған қызметшілердің жинаған қоқысын салу мақсатында қойылған. Бірақ қанша түсіндірме жұмыстары жүргізілгенімен, сол контейнерлерге сол маңайдың халқы үйінен шыққан түрмыстық қалдықтарын төгіп, айналасын ластауды тоқтатр емес. Біз халықтан заңға сәйкес санитарлық тазалық сақтауды талап етеміз. Бірақ әрбір тұрғын есігінің алдына бір-бір қоқыс жәшігін қойып беруді сұрайды. Ал ол әзірге мүмкін болмай тұр. Үй басына қоқыс жәшігін қоюға бюджеттен қаржы қаралмаған. Сондықтан әрбір үй қоқыс контейнерін өз қаражатына сатып алып, қойдырады және тазалық жұмысымен айналысатын «Сыр арна» ЖШС және басқа да жеке кәсіп иелерімен келісім-шартқа отырып, үйінен шыққан құл-қоқысты уақытылы кент сыртындағы белгіленген орынға шығарып тұруы тиіс. Атап кетейік, тұрғын үйден шыққан қоқыстарды шығаруға бекітілген норма мен тариф жылына 1 адамға 0,96 м3, айына бір адамға 80 теңге, 29 тын болады. Бірақ тұрғындардың көбі оны қиынсынады. Нәтижесінде ауласы да, көшесі де шашылады. Кенттегі жеке ауласы жоқ көпқабатты тұрғын үйлердің алдына

контейнерлер қойылды. Бір өкініштісі, сол көпқабатты үйлердің тұрғындары әлі де тазалыққа мән бермей келеді. Қоқысты бей-берекет төгеді.

– Мүмкін, бұл мәселені түбегейлі шешу үшін тазалық сақтамай, кенттің көркіне нұқсан келтіргендерге көрілетін шараны әлде де қатайтып, айыппұл көлемін ұлғайту керек шығар...

– Әрине тазалыққа қатаң талап бар. Өйткенітазалық–біздіңденсаулығымыздың, өміріміздің көпілі. Сондықтан әр адам өзі үшін тазалық сақтауы тиіс.

Осы уақытқа дейін кент тазалығын бақылайтын төрт бағыттағы мобильді жұмыс тобы жұмыс істеп келді. Топтың құрамы тиісті саланың білікті, белсенді мамандарынан жасақталған. Соның ішінде аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандары және жергілікті учаскелік полиция бар. Бірақ өзгертілген заңдылықтарға сәйкес жуық арада мобильді топтың құрамы қайта жасақталады. Одан бөлек көше комитеттерінің төрағалары да кент тазалығын үнемі назарда ұстап отыр. Соныменбіргекеңтәкімәппаратыдаполиция бөлімімен бірлесіп, рейд жүргізіп отырады. Тазалыққа қатысты қандай да бір талаптар бұзылғаны анықталса, заң шеңберінде шара қолданып, айыппұл салынады және бұл жеке тұрғындарға да, мемлекеттік мекемелерге де ортақ. Тұрғындардың есіне тағы да бір сала кеткеніміз артық болмас, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 432-2 бабына сәйкес, ортақ пайдаланатын орынды ластағаны үшін (есік алдына немесе белгіленбеген жерге құл-қоқыстар тастағаны үшін) бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Сондай-ақ аталған кодекстің 505-бабының қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ

қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жойғаны және бұзғаны үшін (есік алдында құрылыс заттар, құм шығару, тас төгу, кесек қою) ескерту жасалады немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Мобильді топтың және кент әкімі аппараты тарапынан жүргізілетін жұмыстар тек айыппұл салумен ғана шектелмейді, тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстары да ұдайы жүріп отырады. Жалпы жоғарыда айтқанымыздай, жеке бастың тазалығына қарау да, қоршаған ортаның тазалығын сақтау да әр адамның ішкі мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Қоғамдық тәртіптің қалыптасуы тәрбиеге тікелей байланысты. Сондықтан алдағы уақытта біз қоршаған ортаны таза ұстау, табиғатты қорғау тақырыптары бойынша білім беру орындарымен байланыс жасаймыз деген жоспарымыз бар.

– Кент ішінің санитарлық тазалық жұмыстары өз деңгейінде атқарылып жатыр ма?

– Кент ішінде 71 көше бар. Биыл аудандық жұмыспен қамту орталығына санитарлық тазалыққа байланысты 70 адамға сұраныс бердік. Бір айта кететін жайт, қоғамдық негізде жұмыс істейтін көше тазалаушылар да кенттің санитарлық тазалығының үдесінен шыға алмайды. Яғни үлгермейді. Десе де біз жазда күн астында, қыста аязда жүріп, қоқыс теретін көше тазалаушылардың да еңбегін бағалауымыз керек. Ол үшін әрбір адам өзінің ауласын қалай таза ұстаса, кент ішінің тазалығына да сондай дәрежедегі жауапкершілікпен қарағаны жөн.

Кент бойынша санитарлық тазалық жұмыстары жыл бойы толастамайды. Әсіресе көктем, күз айларында қыза түседі. Апта сайын сөнбіліктер ұйымдастырылып, оған барлық бөлімдер мен мекемелер тартылады. Одан бөлек сол көзенде

тұрғындарды да тазалық жұмыстарына үндейміз. Ерікті түрде көпшілік жұмысқа үлес қосатындары бар, әрине. Соның нәтижесінде кент көшелері құл-қоқыстан арылады. Санитарлық тазалық жұмыстарына қажетті техникалар жеткілікті.

– Құл-қоқыс төгетін орынның жайы қалай?

– Қазірде кенттің оңтүстік-шығыс бөлігінде қоқыс төгетін арнайы белгіленген орын бар. Кенттен шыққан барлық құл-қоқыс сол жерге төгіліп, залалсыздандырылады. Әзірге бұл жөнінен мәселе жоқ.

– Соңғы уақытта кент ішінде иесіз, қаңғыбас иттер көбейіп кетті. Түнгі мезгілдерде жаяу адамдарға шабуыл жасаған жағдайлар да кездесіп жатыр. Әсіресе балалар үшін қауіпті. Бұл да қазір тұрғындардың жиі көтеретін мәселесі. Осыған қандай шаралар жасалып жатыр?

– Иә, дұрыс айтасыз. Бұл бүгінгі күннің үлкен мәселесіне айналып отыр. Соңғы бірер жылда түрлі себептерге байланысты қаңғыбас иттер мен жабайы мысықтар ауланбаған. Соның салдарынан олардың саны күрт көбейген. Иесіз жүрген үй жануарлар, соның ішінде қаңғыбас иттер мен мысықтар тұрғындар үшін қауіпті. Қанша дегенмен жыртықш жануарлар ғой, кез келген уақытта адамға залалын тигізуі әбден мүмкін. Бұрын қаңғыбас иттер мен жабайы мысықтарды атып, көзін жойып отыратын. Бірақ қазір олай жасай алмаймыз. Өйткені Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №97 Заңына сәйкес, жануарларға қатыгездікпен қарауға тыйым салынды. Яғни енді қаңғыбас иттер мен мысықтарды тек тірілей аулап, арнайы орындарда оқшаулап ұстауға тиіспіз. Біз аталған заңға сәйкес жұмыс жүргізіп жатырмыз. Нәтижесінде осы уақытқа дейін иесіз жүрген иттердің сексен пайызға жуығы

ауланды.

– Кенттің де, көшенің де келбетін ашып, көркін кіргізетін – жасыл-желек, тал-терек. Көркейту-көгалдандыру жұмыстары жайында не айтасыз?

– Жылда көктем айларында көшелерге ағаш отырғызылады. Бірақ күтімге алмасаң, еткен еңбек зая кетеді. Одан бөлек аяқ су мәселесі де жылдан-жылға күрделеніп бара жатыр. Жасыратыны жоқ, кенттегі кейбір көшелердің талдары қурап қалған. Былтыр жыл басынан бастап қураған ағаштар кесілді. Оның орнына биыл көктемде жас көшеттер егіледі. Басты мәселе – арықтарға аяқ су апарып, күтімге алу. Былтыр күз айларында көше бойындағы арықтар аршылып, тазаланды. Яғни аяқ судың жолы ашылды. Сол жұмыс биыл ерте көктемде жалғасады.

– Көркейту-көгалдандыруды айтқанда, егесіз малдар еріксіз еске түседі. Кент ішінде, тіпті кейде орталық алаңда емін-еркін жүретін сиыр мен жылқы гүлзарларды отап кетеді. Бұл мәселе қалай ішешімін тауып жатыр?

– Қазір тұрғындардың көбі мал ұстайды. Бірақ оған емілік етуге келгенде самарқау. Кейбір тұрғындардың жауапсыздығы салдарынан қаншама талдар қурап, гүлзарлар оталып, көшелер мен сабақтар ластанып жатыр. Төрт түліктің егесіз жүруінің екінші себебі – пада ұйымдастырылмауы. Қазірде осы мәселені қолға алып жатырмыз. Қоғамдық жұмыс негізінде екі бақташы шығып отыр. Енді кенттің батыс және шығыс бөлігіндегі мал егесіз жүрмейді. Ал алдағы уақытта Дәуімбай елді мекеніне, яғни кенттің солтүстік бағытына шығатын қолға ұстап отырған ірі қараларға да пада ұйымдастырылып, тұрақты өріске шығады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Қуат АХЕТОВ

Мәселе

Әскердегі әлімжеттік қашан тыйылады?

Бұрын соғыста болған әкелеріміз майдандастарың, әскерде қызмет еткен ағаларымыз әр өңірден бірге болған әскери дос-жарандарын сағынышпен еске алып, әскери өмірде басынан өткізген қиындықтары мен қызықты оқиғаларды мақтанышпен әңгімелеп отыратын. Ал бүгін Отан алдындағы борышын өтеп келген сарбаздан әскери өмір туралы сұрауға қорқатын жағдайға жеттік.



Барлық бала кішкентай күнінен саптағы сарбаздарға қатты қызығады. Сымдай тартылып, әскери формамен сақайып тұрған сарбаздан абыройлы ешкім болмайтын. Барлық бала алдындағы сол ағалары секілді тезірек ер жетіп, Отанын қорғауға асығатын, армандайтын. Сосын ілгеріде әскерге кеткен баласын ата-ана уайымдамайтын. Керісінше әскери өмірдің темірдей тәртібімен тәрбиеленіп, ысылып келеді деп сенетін және балаларын әскерге шығарып салып, күтіп алғанын зор мақтаныш керетін.

Сексенінші жылдары күйеуінен

ерте айырылған ауылдағы бір апамыз жалғыз ұлының әскерге алынатынын естігенде “Әкең марқұм осы күнді көп армандаушы еді. Көре алмай кетті-ау жалғызының жаумен жағаласатын жауынгер болғанын” депті. Сол жалғыз ұлы таңертең “Апа, мен кеттім әскерге, мына түннен қалған тамақты жылытып бермейсіндер ме?” десе, әлгі апамыз “Ай, бала, әскерде күнде саған тамақ жылытып беріп отыратын шешен бар ма?!” Салқын күйінде жей бер. Үйренесің” депті. Қазір елуді орталап қалған сол ағамыз әскерге барып, еркептің тастап, көдімгідей есейіп келіпті. Расында

оқыс жағдайлар орын алу барысында болмаса, ол уақыттарда әскердегі сарбаз әлімжеттікке, зорлық-зомбылыққа төзбей өз-өзіне қол жұмсапты дегенді естімеуші едік. Екі жыл әскери өмірдің тәртібі бұла өскен тең-текті тезге салып, жуас, ынжық ер балаларды намысын жанып, рухтан-дырып жіберетін. Тентек баласының түзеліп”, байсалды қалыпқа түскенін немесе босбелбеу баласының ширап, жинақталғанын көрген ата-ана әскери өмірге мың мәрте мадақ айтып, балалары үшін мақтанып отыратын-ды.

Ал қазіргі ата-аналар баласының әскерге баратынын естісе, есінен

тана қорқады. Қанқұйлы соғыс жүріп жатқан майдан даласына аттанып бара жатқандай уайымдайды. Өйтетін де жөні бар. Көп ата-ана айдың-күннің аманында өз аяғымен әскерге аттанған өрімдей баласының өлі денесін құшып қалып жатыр. Әскердегі әлімжеттік, тіпті зорлық-зомбылық күн өткен сайын үдеп барады. Бейбіт күнде әскери борышын өтеуге кеткен боздақтардың үйлеріне темір табытпен оралуы жиіледі...

Әрине көмелет жасқа толған ақыл-есі қалыпты, денсаулығында ақауы жоқ әрбір ер бала Отан алдындағы

борышын өтеуі тиіс және оған міндетті. Ер – елінің қорғаны, күзеті. Ел іргесіне жау тигенде қолына найзасын алып, душпанға тұра ұмтылған он жасар балалардың жасаған ерен ерліктерін тарихтан білеміз. Отанын қорғау, Отанына қызмет құлу – ер азаматтың ұлы парызы. Ендеше бүгінгі бозбалалардың да Отан алдында өтейтін борышы бар. Бірақ бүгінгі мәні де, сәні де қашып бара жатқан әскери өмірді ер балалардың көргісі жоқ. Қоғамда дүрбелең туғызып, әлеуметтік желіде ең көп талқыланатын тақырып та осы. Иә, бір-бір үйдің үкілеген үміті бейбіт күнде әскери қызметін өтеп жүріп, жұмбақ жағдайда ажал құшып жатқанда қоғам дүрлікпегенде қай-теді? Әскердегі өбден шегіне жеткен әлімжеттікті әскери жүйенің божырап, әскердегі тәртіптің босаңсып кетуінен көреді көбі.

Мәселен, арғы жағын айтпағанда, былтырдың өзінде әскери қызметте жүрген бес сарбаз көз жұмды. Бір қызығы, олардың ақыл-есінде ауытқу, денсаулығында ешқандай кінәрат болмаған. Зерттеліп жатыр деп сөз жүзінде айтылғанымен, жұмбақ күйінде қалды. Жылы жауып қоя салдық. Сарбаздардың өліміне кінәлі қаруластары да, шөңділер де жазасын алған жоқ. Бірі ата-анасының жалғыз, бірі тұңғышы, бірі көңжесі. Бәрі де отбасына аман оралып, жақындарымды қуантамын деп жүрген сарбаздар еді. Ама! не, артындағы ата-анасы мен туған-туысы аңырап қалды. Әлеуметтік

желіден жолын күтіп жүрген ұлынан айырылып, қайғы жамылып күнренген әулетті, теңселген елді көргенде бірге егілдік.

Енді көшпелі бері осы тақырыпқа қатысты тағы бір ресми ақпарат тарады. Бұл тіпті сұмдық. Әскердегі асылып өлген сарбаздың іш киімінен, аузынан бірнеше еркектің шевуі анықталған. Яғни жас сарбаз өзінің қаруластарынан айтуға ауыз бармай-тын дәрежеде зорлық-зомбылық көрген. Соған шыдамай сарбаз өз-өзіне қол жұмсаған. Бұл енді айуандық, Айуандықтың да шегі.

Бүгінгі біздің әскери жүйенің сиқы осы. Қазақстанның қарулы күштері айбынды болуы үшін ондағы тәртіп қылштың жүзінде жүргендей болуы тиіс еді. Ал бізде керісінше әскери қызмет өз еркімен жүретін, ойына келгенін істейтін бұзақылар мен қаныпөзер қылмыскерлердің, тіпті трансгендердің мекеніне айналғандай. Өте қорқышты. Осындай сұмдықтарды естіп-көріп отырған ата-аналар өрімдей баласын қалай өлімге айдайды?!

Сөз түйнінде тағы да айтайық, әрбір ата-ана баласының ер азамат болып, Отанын қорғайтын азамат болғанына қуанады, мақтан тұтады. Бірақ бүгінгі бейбіт күнде бірінің артынан бірі болып жатқан әскердегі сұмдық жағдайлардан соң баласын әскерге жібермейтін ата-ананы да, әскерге баруға зауқы жоқ ер балаларды да түсінуге болады.

ҚАДИС

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 123